

Кунанбаева Д.А.,  
Мамырбекова Д.С.

**Қазақстан Республикасында  
инновациялық стратегияны  
жүзеге асыру және  
мемлекеттік қолдау әдістері**

Әлемдік аренадағы ұлы державалар ретінде танылған АҚШ, Қытай және басқа да елдер индустриалды-инновациялық даму жолына бұрыннан қадам басқан болатын. Қазақстан Республикасы да өзінің басты даму бағыты ретінде индустриалды-инновациялық даму бағытын ұстанып отыр. Осыған сәйкес Қазақстанның даму бағытының негізгі мақсаты – жақсы өмір стандарттарын ұсынатын, өзінің қажеттіліктерін жүзеге асыра алуға мүмкіндік беретін қоғам құру, яғни инновациялық типті қоғам құру. Мақалада Қазақстан Республикасының инновациялық мәселелері, елдің экономикалық дамуы, технологияның өндіріспен тығыз байланыстыруы және көзделген экономикалық даму бағыттары туралы жазылған. Елбасымыздың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында, еліміз үшін өзекті мәселелердің бірі индустриалды-инновациялық стратегияның негізгі бағыттары мен оның мақсаты ашып көрсетілді. Қазақстан Республикасының Үдемелі индустриалды-инновациялық дамуының 2015-2019 жылдарға арналған және «Қазақстан – 2030», «Қазақстан – 2050» секілді ұзақ мерзімді стратегияларының бағыттары алынды. Инвестициялық ахуалды жақсарту және экономиканы одан әрі ырықтандыру тұтастай алғанда шетел инвестицияларын тарту мен тауарларды экспорттаудың экономикамызды дамытуда тигізер пайдасына тоқталынды.

**Түйін сөздер:** инновация, стратегия, индустриалды-инновациялық стратегия, экономикалық өсу, мемлекеттік саясат.

Kunanbaeva D.A.,  
Mamyrbekova D.S.

**Methods of state support and  
implementation of innovation  
strategies in the Republic of  
Kazakhstan**

Among the recognized great powers in the world such as the US, China and other countries have long entered the industrial-innovation development. The main direction of development Republic of Kazakhstan is positioned as an industrial-innovative development. Respectively, the main source of the direction of development of Kazakhstan, its goal is to provide a higher standard of living, which can let the needs of society, i.e. the creation of an innovation type of society. The article is devoted to the issues of innovation economic development; technology trends and economic development are closely related to the production. The annual Address of the Head the people of Kazakhstan one of the most pressing issues is the industrial-innovation strategy. The main purpose of the article was to reveal the main directions of the issues of industrial-innovation development strategy of the Republic of Kazakhstan. Used a long-term «strategy for accelerated development of industrial-innovation development for 2015-2019 years» and the Strategy «Kazakhstan-2030», «Kazakhstan-2050». The article touched on industrial-innovation police, which is the main subject of his study. Also, discussed issues on improvement of the investment climate and attract foreign investments to the economy of the country, exports of goods and further liberalization of the economy in general.

**Key words:** innovation, strategy, industrial and innovation strategy, economic growth, public policy.

Кунанбаева Д.А.,  
Мамырбекова Д.С.

**Методы государственной  
поддержки и реализации  
инновационной стратегии  
в Республике Казахстан**

Среди признанных великих держав в мире, таких как США, Китай и другие страны, давно вступили в индустриально-инновационное развитие. Основное направление развития Республики Казахстан позиционируется как индустриально-инновационное развитие. Соответственно, основным направлением развития Казахстана, его цель заключается в обеспечении более высокого уровня жизни, который позволяет удовлетворить потребности общества, то есть создание инновационного типа общества. Статья посвящена вопросам инновационного, экономического развития страны, направлениям и технологиям экономического развития, тесно связанных с производством. В ежегодных посланиях главы государства народу Казахстана одним из актуальных вопросов является индустриально-инновационная стратегия. Основной целью статьи было раскрытие основных направлений вопросов индустриально-инновационной стратегии развития Республики Казахстан. Использована долгосрочная «Стратегия по форсированному развитию индустриально-инновационного развития на 2015-2019 годы» и Стратегии «Казахстан-2030», «Казахстан 2050». В статье были затронуты вопросы по улучшения инвестиционного климата и привлечения иностранных инвестиций в экономику страны, экспорта товаров, и дальнейшей либерализации экономики в целом.

**Ключевые слова:** инновация, стратегия, индустриально-инновационная стратегия, экономический рост, государственная политика.

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНДА  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
СТРАТЕГИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ  
АСЫРУ ЖӘНЕ  
МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ  
ӘДІСТЕРІ**

Қазақстан Республикасының инновациялық мәселелерге қызығуы ХХІ ғ. әлеуметтік-экономикалық дамуында ең бірінші ғылыми техникалық дамумен байланысты болып отыр. Елдің негізгі экономикалық дамуына, яғни өндіріс пен ғылыми-техникалық ресурстарды жоспарлау үшін инновациялық қызмет ең қажеттісі.

Алдыңғы уақыттарда экономикалық өсу факторы ретінде посткеңестік елдерде инновация екінші деңгейдегі жоспар болып келді. Бірақ әлемдегі дамыған елдер тәжірибесі және отандық тәжірибе бойынша тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу инновациялық қызметсіз жүзеге аспайтындығына көз жетті. Міне, осы себептен соңғы 10 жылда инновацияға деген көзқарас өзгерді.

Индустриялық саясат дегеніміз мемлекеттің бәсекеге түсуге қабілетті және тиімді ұлттық өнеркәсіпті қалыптастыру үшін кәсіпкерлікке қолайлы жағдайлар жасауға және қолдау көрсетуге бағытталған шаралар кешенін білдіреді [1].

Яғни, еліміз осы мәселелерді шешіп, жоғары бәсекеге қабілетті алдыңғы қатарлы елдер санатына қосылуы үшін, тұрақты экономикалық өсуді және экологиялық тиімді өндірісті қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасының Үдемелі индустриялды-инновациялық дамуының 2015-2019 жылдарға арналған ұзақ мерзімді стратегиясын» қабылдады және ол алғашқы жылдан бастап оң нәтижелер бере бастады. Сондай-ақ, «Қазақстан – 2030», «Қазақстан – 2050» секілді ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарларда, Елбасымыздың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында, еліміз үшін өзекті мәселелердің бірі индустриялды-инновациялық стратегияның негізгі бағыттары атап көрсетілді.

Стратегияның негізгі мақсаты – бәсекелестікке шыдайтын, импорт алмастырушы және экспортқа бағытталған тауар шығаратын өнеркәсіптер құрып, қызмет көрсету саласын дамыту, сондай-ақ отандық инновациялық белсенділікті арттыру болып табылады.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына сәйкес біз экономиканың шикізаттық бағытынан арылып, Қазақстанның индустрияландыруын тездетуге, машина жасау мен өнеркәсіп жабдықтарын шығаруды жолға қоюға

тиіспіз. Яғни инновация – негізгі қозғаушы күш болмақ

Енді осы тұрақты экономикалық өсудің бүгінгі таңдағы ең негізгі қозғаушы факторы болып отырған Үдемелі индустриялды-инновациялық даму стратегиясының мақсаты шикізат бағытынан қол үзуге ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу; ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау болып табылады.

Өндеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге түсуге қабілетті және экспортқа негізделген тауарларды, жұмыстар және қызмет көрсетулер өндірісі мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты нысаны болып табылады.

Инвестициялық ахуалды жақсарту және экономиканы одан әрі ырықтандыру тұтастай алғанда шетел инвестицияларын тарту мен тауарларды экспорттаудың өсуіне ғана емес, отандық капиталды шетелге заңды түрде әкетуге және пайдалы орналастыруға әкеледі.

Экономиканың салық ауыртпалығын азайту және кәсіпкерлік қызметті қайта реттеу жөніндегі шараларды іске асыру «ресми» және «көлеңке» экономиканың ара салмағын елеулі түрде өзгертеді.

Стратегияны іске асыру: ЖІӨ құрылымындағы өнімдерді шығарудың үлес салмағын 2019 жылы 46,5%-дан 50-52 %-ға дейін ұлғайту, сонымен қатар:

- өндеуші өнеркәсіп өндірген өнім көлемін нақты мәнде 43%-ға ұлғайту;
- жалпы қосылған құнды нақты мәнде кемінде 1,3 есеге өсіру;
- минералдық тыңайтқыштар өндірісінде 1 млн тоннаға дейін өндіруге қол жеткізу;
- мұнай өндіруді 50-51%-ға жеткізу;
- экспорттың 30% өсуіне қол жеткізу;
- ауыл шаруашылығы техникасын меншікті өндіріс көлемін жеткізілімдердің жалпы көлемінің 30%-ға дейін жеткізу;
- жалпы ішкі өнімнің жалпы көлеміндегі инновациялық өнім үлесін 2,5%-ға дейін ұлғайту;
- зерттеу мен әзірлеуге арналған ішкі шығындар үлесін жалпы ішкі өнімнің 2%-ына дейін ұлғайту [2].

Бұл ретте күнкөрістің төменгі деңгейі, ең аз жалақы және зейнетақы өседі. Ел тұрғындарының нақты ақшалай табысы 2,1-2,4 есе ұлғаяды.

Елдегі инновациялық даму мемлекеттің араласуынсыз оң нәтиже бермейді, сондықтан инновация мен инвестиция мемлекеттік реттеудің

объектісі болып табылады. Көптеген дамушы елдер табиғи ресурстарға бай бола тұра, тұрақты дамуға қол жеткізе алмады. Қысқа мерзімде шикізат экспорты бұл елдердің мемлекеттік қазынасына табыс әкеліп, тұрғындардың әлауқатын көтереді. Алайда, уақыт өте келе жоғары табыс экономиканы құлдыратады, яғни мемлекетті шикізат экспортынан және оның әлемдік рыноктағы жағдайынан тәуелді етіп, шикізатты аз қажет ететін жаңа саланың дамуын ынталандырмайды және шикізаттың күндердің күнінде таусылатынын еске алсақ, бұл мәселенің қаншалықты маңызды екенін түсінеміз. Дәл осы жағдайдан шығудың бір-ақ жолы бар, ол – жоғары технологиялық өндіріс.

Нарыққа көшу процесі аяқталғаннан кейінгі жылдарда экономиканың жанданып дамуы шикізат (газ, мұнай, металл) сатудан түскен валюталық түсімдерге тікелей байланысты болды. Осы жылдарда Қазақстанда экономикалық өсу байқалды.

Іс жүзінде ғылыми зерттеулер мен инновациялық процестерді мемлекеттік қолдаудың негізгі кең тараған 3 әдісі бар:

1. Ғылыми зерттеулерге мемлекеттің тікелей қатысуы;

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ірі лабораториялар қалыптастыру, нәтижесін ақысыз түрде көпшілікке ұсыну. Әдетте, бұл лабораториялар қорғаныс, энергетика, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы мәселелерін шешумен айналысады;

2. Қайтарымсыз негізде субсидиялар бөлу;

Мемлекеттік емес лабораторияларда іске асырылатын ғылыми зерттеу жұмыстарына қайтарымсыз негізде мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінеді. Негізгі қойылатын шарт – зерттеулер барысы бойынша толық есеп беру, алынған нәтижені ашық түрде жариялау.

3. Ғылыми-техникалық зерттеулер мен тәжірибе жүргізуге инвестиция бөлінген жеке бизнеске салық жеңілдіктерін ұсыну [1].

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау үшін ең бірінші құқықтық нысандары елімізде жоғарыдағы стратегия бойынша орындалуда. Ал мемлекеттік қаржылық қолдау және инновациялық құрылымдарды құру үшін оған көп мөлшерде қаржы керек. Осы мәселе қазір елімізде күрделі мәселенің бірі болып отыр, сондықтан қаржыландыру, сырттан инвестиция тартуға негізделген Инвестициялық, Инновациялық қорлар, Даму банкі, экспорттық несиелер мен инвестицияны сақтандыру корпорациясы сияқты даму институттары құрылды.

Бұл мәселенің шет елдерде қалай шешілетініне назар аударып көрелік.

Жапонияда инновацияларға II дүниежүзілік соғыстан кейін көп көңіл бөліне бастады. Елде шағын және орта кәсіпорындар бүкіл экономиканың негізін құрайды. Ал мемлекет инновациялық саясатты солар арқылы жүргізеді. Шағын кәсіпорындар барлық кәсіпорындардың 99%-ын құраса, олардың ЖҰӨ-дегі үлесі 52%-ды құрайды. Мемлекет саясатының шағын және орта бизнестегі кәсіпкерлікті қолдауының мәні қажетті капитал салымы мен жұмыссыздық туралы деректерді сәйкестендіру болып табылады.

Жапонияда орталық банктер несиелерінің 47%-ын, ал жергілікті коммерциялық банктер 100% несиені шағын және орта кәсіпорындарға береді. Шағын инновациялық кәсіпорындарды қаржылық қолдаудың арнайы механизмдері қолданылады. Олар «жеңіл қарыздар» деп аталады. Егер жай қарызды 4-8%-бен алса, шағын инновациялық кәсіпорындар қарызды осының жартысымен алады [3].

Шет елдер тәжірибесінен инновацияны дамытудағы мемлекеттің рөлінің өте маңызды екеніне көз жеткіздік.

Сондықтан, Қазақстанның индустриалдық саясатын іске асырудың салықтық аспектіне ҚР Салық кодексінде қарастырылған келесі механизмдерді жатқыза аламыз:

- инвестициялық салық преференциялары корпоративтік табыс салығы бойынша қосымша есептен шығару, мүлік және жер салығынан босату түріндегі инвестициялық жобалар аумағында беріледі;

- кіші және орта бизнес субъектілерге арнайы салық режимдері негізінде салық төлеуді және есеп беруді квартал бойынша бір рет іске асыруға, салықтың төмендетілген ставкаларын қолдануға мүмкіндік береді;

- мұнайхимиялық өнеркәсіпте қызмет ететін жеке дара ұйымдарға салық салудың арнайы тәртібі;

Салық жүйесін әлі де жетілдірту қажет. Негізгі қорлардың 50-65% тозуы жағдайында, біздің ойымызша, кіші және орта кәсіпорындар негізгі қорларды жаңартуы үшін мүлік салығынан босатылуы қажет деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы аймақтарында Үдемелі индустриалды-инновациялық стратегияның жүзеге асырылуын талдау барысында бірнеше мәселелер анықталған болатын. Олар:

- Қаржылық ресурстармен қамтамасыз етудің кейбір жобаларды жүзеге асыруға жеткіліксіздігі;

- Жобаларды жүзеге асырудағы ұйымдастырудың әлсіздігі;

- Инвестициялық жобаларды жүзеге асырудағы аймақаралық теңсіздіктің орын алуы;

- Аймақтарда жүзеге асырылған жобаларға мемлекеттік бақылаудың әлсіз жүргізілуі;

- Даму институттарының инвестициялық жобалардың инновациялық бағытынан гөрі, өндірістік сипатына көп көңіл бөлуі;

- Стратегияның жүзеге асырылу барысында экономикалық сауаттандыру, білім беру курстарының жүргізілмеуі және т.б.

Яғни, анықталған мәселелерді жетілдіру және Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалды-инновациялық даму стратегиясының жүзеге асу проблемаларын тиімді шешу үшін келесідей ұсыныстарды жасаймыз:

- Индустриялық-инновациялық даму стратегиясының бағдарламаларын қаржыландыру көзі ретінде шикізаттық экспорттан түсетін табыстар болып табылады. Сәйкесінше құрылымдық қайта құрудың стратегиялық мақсаттарына жету үшін, біріншіден, шикізаттық экспорт табысының ағылып кетуінің алдын алу және екіншіден, олардың өндірістік инвестицияларға конверсиялауының тиімді механизмдерін құру;

- Қазақстандағы өнеркәсіптік өндірістің даму процесінде «білім беру – ғылым – өндіріс» үштігіне негізгі рөл беру;

- Мемлекет елдің индустриялық-инновациялық дамуына қажетті басымды бағыттарды зерттеп және ішкі тұтыну, экспорт үшін қажетті технология мен ғылымдандырылған өнімнің қандай да бір түрі елге қажетті екені туралы қорытынды жасау;

- Бәсекеге қабілеттіліктің технологиялық деңгейдегі және өнім сапасының аспектісі, сондай-ақ шығын, тиімділік аспектісінің болуы;

- Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы елдің технологиялық жаңаруына және технологиялық дамуына мемлекеттік қолдау болуын қарастыру;

- Жоғары технологиялар өндірісін қолдаудың мықты заңдылық базасының болуы;

- Қазақстан Республикасында өндірілетін мұнай және газды, түсті және қара металдарды, барлық шикізатты толық қайта өңдеу;

- Университеттер мен компанияларды, фирмаралық кооперацияны көтермелеу, интеллектуалдық меншікті қорғау жүйесін жақсарту, ақпараттық қызмет беруді және монополияға қарсы реттеуді жетілдірту.

Сонымен қатар, 2015-2019 жылдарға арналған Үдемелі индустриалды-инновациялық даму

мемлекеттік бағдарламасы «Қазақстан-2050» қатарына кіру мақсатының маңызды құралына Стратегиясы мен әлемнің 30 дамыған елі айналатын болады.

#### Әдебиеттер

- 1 Купешова С.Т. Инновациялық менеджмент. – Алматы: Дәуір, 2011. – 118 б.
- 2 Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Жарлығы Сайт:<http://www.mid.gov.kz/kk/pages/kazakstan-respublikasyn-industriyalyk-innovaciya-lyk-damytudyn-2015-2019-zhyldarga-arnalghan>
3. ҚР-дың экономикалық өсуді қамтамасыз ететін индустриялы-инновациялық саясаты Сайт:<http://bigox.kz/kr-nyn-ekonomikalyk-osudi-kamtamasyz-etetin-industriyaly-innovaciya-lyk-sayasaty/>

#### References

- 1 Kupeshova S.T. Innovaciya-lyk menedzhment. – Almaty: Dauir, 2011. – 118 b.
- 2 Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2014 zhylgy 1 tamyzdagy № 874 «Kazakstan Respublikasyn industriya-lyk-innovaciya-lyk damytudyn 2015 – 2019 zhyldarga arnalghan memlekettik bagdarlamasy» Zharlygy Sajt:<http://www.mid.gov.kz/kk/pages/kazakstan-respublikasyn-industriyalyk-innovaciya-lyk-damytudyn-2015-2019-zhyldarga-arnalghan>
3. KR-dyn jekonomikalyk osudi kamtamasyz etetin industriya-lyk-innovaciya-lyk sajasaty Sajt:<http://bigox.kz/kr-nyn-ekonomikalyk-osudi-kamtamasyz-etetin-industriyaly-innovaciya-lyk-sayasaty/>